



11 ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



28.05.25ж күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінде “1-маусым – Балаларды қорғау күніне” орай қызметкерлердің балаларына арналған ерекше іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара аясында “Менің ата-анамның жұмыс орны” атты танымдық

саяхат-экскурсия өткізілді. Бұл шара барысында балалар колледж ішіндегі түрлі бөлімдермен танысып, ата-аналарының қызмет орнын көзбен көріп, дәрігерлік мамандықтың қыр-сырына қанықты. Балалар үлкен қызығушылықпен қатысып, болашақ мамандыққа деген ынтасын арттырды.

Сонымен қатар, “Ата-ана бақылауы: құралдар мен кеңестер” тақырыбында психолог мамандардың қатысуымен балаларға арналған тренинг ұйымдастырылды. Тренинг барысында түрлі қызықты ойындар ойнатылып, балалардың логикалық ойлау қабілеттері мен шығармашылықтары дамытылды.

Колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова балаларды мерекемен құттықтап, сыйлықтармен сертификаттар табыстады.

Психолог мамандар ата-аналар мен балаларға пайдалы кеңестер беріп, өзара сенімді қарым-қатынас орнатудың жолдарын ұсынды.

Мұндай шаралар өскелең ұрпақтың таным көкжиегін кеңейтіп, ата-ана еңбегіне деген құрметті арттыратыны сөзсіз.



Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай Техникалық және кәсіптік орта білім беру ұйымдарының студенттері арасында кіші футболдан облыстық жарыста Жамбыл жоғары медициналық колледжінің құрама командасы, жүлделі II орынды иеленді. Сонымен қатар жетекші оқытушылар Шыныбаев Н.Е, Оналбаев Ә.А жарысқа үлес қосқаны үшін дипломмен марапатталды.



17.05.2025 ж. Бауыржан Момышұлының туылғанына 115 жыл толуына орай техникалық және кәсіптік білім беру педагогтері мен қызметкерлері арасында Волейбол әйелдер спорт түрінен Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушылары мен қызметкерлері II орынға ие болды. Колледждің атынан қатысқан оқытушылар дипломдармен марапатталды.

Білім беру жүйесін жетілдіруге қосқан елеулі үлесі және жас жеткіншектерге әскери-патриоттық тәрбие берудегі жетістіктері үшін Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушылары Бегалиев Жандар Бегалиевич, Усенов Рахат Бакенович Жамбыл облысы әкімдігінің Грамотасымен марапатталды.



Ерназарқызы Құрмет Грамотасымен арнайы пәндер оқытушысы Бахаева Айым Данибековна, және ҚБ төрайымының Алғыс Хатпен Мухажанова Раушан Жамашевна марапатталды. Әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймыз!

«Көк шетау жоғары медициналық колледжі» ұйымдастыру мен өткізілген Кеңес одағының Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Бейбітшілік пен өркендеудің 80 жылдығы» тақырыбында халықаралық қатысумен Республикалық-ғылыми практикалық конференциясына 118 топ студенті Ерназар Аружан қатысып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Жантохова Гулдария Нургалиевна, 127 топ студенті Хашимова Амина сертификатпен, жетекшісі: Ашимова Шолпан Едиловна.



ұйымдастырылған «Білім. Таным. Нәтиже». «Қазақстан тарихы» бойынша республикалық олимпиадасына 104 топ студенті Ханай Еркеназ қатысып, II дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Жантохова Гулдария Нургалиевна.

Жамбыл облысы білім басқармасы «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы» ұйымдастыруымен өткізілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Абай оқулары» облыстық байқауына «Көңілім әнді ұғады» бағыты бойынша 308 топ студенті Смаил Бақтияр қатысып, жүлделі I орын иеленді. Жетекшісі: Абдраимова Назира Жетписбаевна, 116 топ студенті Кемпирбай Акерке қатысып, жүлделі II орын иеленді. Жетекшісі Абдалимова Зура Искаковна.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
педагогикалық кеңестің кезекті отырысы өткізілді.

01

«ОБЛЫСТЫҢ ҮЗДІК МЕЙІРГЕРІ-2025» КӘСІБИ БАЙҚАУ

02

«МЕДБИКЕ МЕРЕЙЛІ МАМАНДЫҚ»
Мерекелік құттықтау.

03

КЕЗДЕСУ
Мейіргер саласының ардагерлерімен кездесу өткізілді.

04

ҮЙІРМЕЖҰМЫСЫ
Үйірме жұмысының кезекті отырысы өткізілді.

05

ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ «ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ»

06

ТӘРБИЕ САҒАТЫ
Колледжде өткізілген тәрбие жұмыстары.

07

«MEDSKILLS ZHAMBYL - 2025»
Облыстық кәсіби шеберлік чемпионаты өткізілді.

08



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

ЖӘРМӨҢКЕ

ҚҰТТЫҚТАУ!
Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістігі.

09





8 «MEDSKILLS ZHAMBYL – 2025» облыстық кәсіби чемпионат



28.05.2025ж. Жамбыл облысы білім басқармасының «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы» мен «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК-ның ұйымдастыруымен

«MEDSKILLS ZHAMBYL – 2025» облыстық кәсіби шеберлік чемпионаты өткізілді.

Чемпионаттың мақсаты: еңбек нарығында түлектердің бәсекеге қабілеттілігі мен кәсіби ұтқырлығын арттыру;

Чемпионат кезеңдері:



I-кезең. Таныстыру. Шығармашылық әлеуетті бағалау. «Жанға шипа, жүрекке жылу сыйлайтын мейіргер».

II- кезең. Тәжірибелік дағдыларды бағалау кезеңі. «MEDSKILLS ZHAMBYL – 2025» облыстық

чемпионаттың «Медициналық және әлеуметтік күтім» құзыреттілігі бойынша ситуациялық есептерді шешу, тапсырмаларды орындау.

Чемпионаттың салтанатты ашылуы «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» МКК басшысының міндетін атқарушы Назарбек Сержан Сәрсенбекұлының құттықтау сөзімен басталды.

Чемпионат қонақтары:

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» МКК басшысының міндетін атқарушы Назарбек Сержан Сәрсенбекұлы.

Жамбыл облысы білім басқармасының «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту» орталығының менеджері Зиятова Гүлжан Сайлаубайқызы.

«Жамбыл облысы Азаматтық Альянсы» ЗТБ басқарма төрағасы Дастан Исламбек Дастанұлы.

Чемпионаттың әділ-қазылар алқасының төрайымы, бас сарапшы

«Қалалық көп бейінді ауруханасы және консультативтік-диагностикалық орталығы»

ШЖҚ МКК бас дәрігердің мейіргер ісі жөніндегі орынбасары, Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының мейіргер ісі жөніндегі үйлестірушісі

Бокушева Ляйля Туребаевна.

Әділ-қазылар мүшелері:

1 Иманбаева Гульнара Кабылбековна – Жамбыл облыстық көп бейінді балалар ауруханасы соматика

бөлімінің аға медбикесі.

2. Көпжасарова Марфуға Қалдасбековна- Жамбыл облыстық көпбейінді ауруханасының бас медбикесі.

3. Молдахметова Гульнара Нурмуханбетовна -Жамбыл облыстық жұппалы аурулар ауруханасының бас медбикесі.

4. Аманбекова Мира Турекуловна – «№2 Қалалық емханасы» бас медбикесі.

БАҚ өкілдері: «Хабар 24», «JAMBYL» телеарнасы, «Денсаулық әлемі», «Ақ жол» және «Мұғалім жаршысы» газеті.

Қатысушылар:

«Мейіргер ісі» мамандығы бойынша медициналық колледж студенттері арасында өткен «MEDSKILLS ZHAMBYL – 2025» облыстық чемпионатына «Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі, «ALEM» кәсіби білім беру колледжі, «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК студенттері қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша келесі жеңімпаздар анықталды:



I орын – Марат Адема Ерланқызы, «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК

II орын – Сатылған Аружан Даниярқызы, «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК

III орын – Абдирахман Назерке Махатқызы, «Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі

Номинация иегерлері:

1.«Шебер мейіргер» – Рыскельды Жәніел Айболқызы, «Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі

2.«Үздік күтім мейіргері» – Турганбай Ақмаржан Мауленбекқызы, «ALEM» кәсіби білім беру колледжі

«MEDSKILLS ZHAMBYL – 2025» облыстық кәсіби шеберлік чемпионатының жеңімпазы Марат Адема Ерланқызы 2025 жылдың қыркүйек, қазан айында Талдықорған қаласында, Талдықорған жоғары медициналық колледжінің ұйымдастыруымен өтетін Республикалық чемпионатқа жолдама алды. Құттықтаймыз!



9 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ



14.05.2025 ж. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаментінің ұйымдастыруымен, ҚР Денсаулық сақтау министрі А.Ш. Әлназарованың қатысуымен Түркістан қаласында «Мейіргер қызметін дамытудың инновациялары мен келешегі» тақырыбында мейіргерлік ісі бойынша халықаралық форум өткізілді. Халықаралық форумға Республика бойынша облыстық және қалалық денсаулық сақтау басқармаларының басшылары, денсаулық сақтау басқармаларының кадр бөлімінің қызметкерлері, медициналық колледждердің директорлары, директордың орынбасарлары, мейіргер ісі жөніндегі штаттан тыс мамандар және шет елден келген қонақтар қатысты. Аталған ауқымды халықаралық форумға Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы басшысының м.а. Е.Мусабаев, Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы медицина мамандарымен жұмыс бөлімінің басшысы А.Н.Куттыбаева және бас маманы Г.Е.Сарбасова, Жамбыл облысы денсаулық сақтау басқармасына қарасты мейіргер ісі бойынша үйлестірушісі және Қалалық көпбейінді аурухана бас дәрігердің орынбасары Л.Т.Бокушева, Жамбыл жоғары медициналық колледжі директоры Ж.Н.Сарыбекова және орынбасары Л.Т.Куанышбекова қатысып, тәжірибелерін толықтырып қайтты.



Форумға қатысқан қонақтар Түркі халықтарының ортақ рухани абызы, жырау, қобызшы, Қорқыт бабамыздың дүниетанымына, киелі мұрасына арналған Түркістан музыкалық драма театрының «Қорқыт туралы аңыз» пластикалық спектаклін тамашалап, керемет әсер алды. Түркі әлемінің рухани астанасы- Түркістан қаласының жаңа келбетін көріп көңілдеріне мақтаныш сезімі ұялады. Келген қонақтар қаланың әсем жерлерін тамашалап, киелі Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне саяхаттап, өңір басшылығына, тұрғылықты халыққа шынайы рақметін айтып кетті. Халықаралық форумды жоғары деңгейде ұйымдастырған Түркістан жоғары медициналық колледжі директоры және ұжымға үлкен алғыс айтамыз!

16-17.05.2025 ж. Қызылорда қаласында «ҚР тәуелсіз мейіргер ісінің озық тәжірибелерін енгізу» тақырыбында ҚР Денсаулық сақтау министрі Альназарова Ақмарал Шарипбаевнаның қатысуымен халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияға Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы басшысының м.а. Е.Мусабаев, Жамбыл облысы денсаулық сақтау басқармасына қарасты мейіргер ісі бойынша үйлестірушісі және Қалалық көпбейінді аурухана, консультативтік диагностикалық орталығының мейіргер ісі бойынша бас дәрігердің орынбасары Л.Т.Бокушева,



Жамбыл жоғары медициналық колледжі директоры Ж.Н.Сарыбекова және орынбасары Л.Т.Куанышбекова қатысып үлкен әсер алып, тәжірибелерін толықтырып қайтты. Конференция жұмысын Қызылорда облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Исаков О.Ж. модератор ретінде жүргізіп, алғы сөзді Қызылорда облысының әкімі Налибаев Н.М. бастап, облыстағы денсаулық

сақтау саласы бойынша жеткен жетістіктер мен атқарылған жұмыстарды атап өтті. ҚР Денсаулық сақтау министрі Альназарова А.Ш. мейіргер ісін дамытуда алға койған мақсаттар мен атқарылып жатқан іс-шараларға тоқталып, мазмұнды баяндама жасады. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда Қазақстандағы ДДҰ Елдік кеңсесінің басшысы Скендер Сыла және ДДҰ Еуропалық өңірлік бюросының директоры Ханс Ключе сөйлеп, өткізіліп отырған іс-шараның маңыздылығын атап, ұйымдастырушыларға алғыс білдірді. Сессия жұмыстарынан кейін конференцияның резолюциясы қабылданып, қатысушылар мен спикерлерге диплом мен сертификаттар табысталды.



10 ЖӘРМЕҢКЕ



30.05.2025 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен 2025 жыл Жұмысшы мамандықтар жылына орай «Мамандық таңдау –маңызды қадам» атты

кәсіптік бағдар беру жұмысына негізделген мамандықтар жәрмеңкесі өткізілді. Аталмыш іс –шараға Жамбыл жоғары медициналық колледжі өз үлесін қосты, колледждің жылы жайында өсетін емдік қасиеті бар фито шайлар жайлы пайдалы ақпараттар беріліп, колледжде оқытылатын мамандықтар туралы жан –жақты ақпараттар ұсынып, әрбір жасқа өз бағытын табуға, білім алуға, болашақ кәсібін таңдауға өз үлесін қосты.

